

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SJDH7364>

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жусупов², З. Е. Қуандық³

¹«Тұран» университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-сұлтан қ.

^{2,3}Торайғыров университеті Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘШҰР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТ ТӨРКІНДЕСТІГІ

Әлемдік мәні бар Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор. Біздің әдебиетіміз үшін араб, парсы және түрік руханияты нәр алған кең арна іспеттес. Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы байланыстың тамыры тереңде жатыр. Мақалада шығыс әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетінде, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастықты, шығарма сюжетінің бастау көздерін іздегенде, алдымен бүкіл әлем әдебиетіне ортақ, яғни неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілер қарастырылады. Зерттеуде шығыс аңыздарының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы сюжет төркіндестігі мәселесі қозғалады.

Кілтті сөздер: сюжет, өлең, аңыз, Құран, шығыс әдебиеті, қазақ әдебиеті

Кіріспе

Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы байланысын сараптау кезінде, тақырып, идея, қаһарман сомдау т.с. мәселелеріндегі төркіндестікпен қатар шығарма сюжетіндегі, ықшамдап сараласак, туынды фабуласындағы үндестік, жалғастық, сабақтастық та назар аудартады. Сөз жоқ, бұл орайда тек шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп немесе шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысы ғана емес, жалпы әлем әдебиетіндегі өзара байланыс, сабақтастық та арнайы зерттеуді тосып тұрған мәнді де, көп арналы, күрделі тақырыптың бірі екені анық. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен Еуропа әдебиеті байланысы біраз зерттелсе де, шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысының неғұрлым аз зерттелуінің өзі онша ескерілмей келген бұл саладағы «ақтандақтарды» ашудың көкейстілігін дәлелдейтіні белгілі. Мұның бәрі Мәшһүр Жүсіп пен шығыс әдебиеті байланысының, оның ішінде шығарма сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастықты арнайы сараптау

қажеттігіне әкелетіні мәлім. Шығарма сюжетінің бастау көздерін іздегенде, алдымен бүкіл әлем әдебиетіне ортақ, яғни неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілерді алдымен еске алуымыз да заңды.

Зерттеудің нысаны: Мәшһүр Жүсіп пен шығыс әдебиеті байланысының, оның ішінде шығарма сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастығы

Зерттеудің пәні: М.Ж. Көпейұлы шығармаларындағы аңыздық үлгілер

Мақсаты: шығыс әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетінде, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының сюжетінде, яғни фабуласындағы сабақтастықты, шығарма сюжетінің бастау көздерін неғұрлым кең тараған аңыздық үлгілерден іздеу. Мақалада шығыс аңыздарының Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы сюжет төркіндестігі мәселесі қозғалады.

Міндеттері: шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы байланысын сараптау;

Мәшһүр Жүсіп шығармалары мен шығыс әдебиетіндегі сюжет төркіндестігін анықтау.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі Мақалада салыстыру, сараптау мен пікірлерді қорыту әдістері басшылыққа алынды. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиеті мен орыс әдебиеті, сондай-ақ қазақ әдебиеті мен батыс әдебиеті байланысы біраз зерттелсе де, шығыс әдебиеті мен қазақ әдебиеті байланысының неғұрлым аз зерттелуінің өзі онша ескерілмей келген бұл саладағы «ақтаңдақтарды» ашудың көкейстілігін дәлелдейді. Осыдан келе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен шығыс әдебиеті байланысының, нақтырақ айтсақ, шығарма сюжетінде, яғни фабуласында орын алған сабақтастық пен үндестікті арнайы сараптау қажеттігі туындайды.

Көне үлгілерде көп орын алған әңгіменің бірі – Топан су аңызы. Аңыздар төркінін зерттеушінің бірі В. В. Евсюков топан су әңгімесінің бастауы Інжілден де әрі Шумерлер аңызында жатқанына назар аудартады [1, 33].

Бұл пікірдің қайдан шыққаны туралы дерек қазақ тілінде де жариялана бастады: «Л. Липин мен А. Беловтың айтуы бойынша, 1872 жылдың күзінде суретші-гравер Джордж Смиттің қолына түскен Шумер қыш табличқасын оқыған: «Нисыр тауына кеме тұрды. Нисыр тауы кемеңі тоқтатып, оның тербелуіне мүмкіндік бермеді... Жетінші тәулікке аяқ басқанда мен көгершінді алып ұшырып жібердім. Ұшып кеткен көгершін айналып, құрғақ жер таба алмай қайтып келді...» [2, 14].

ұл пікірлерге сүйеніп, топан су аңызының бұдан 5000-6000 жылдай бұрын жазылған Шумер жазбасында да ұшырасатынын бағамдасақ, топан судың да, аңыздың да кемі 5000 жылдық тарихы бар екенін салмақтай аламыз. Інжілде (Библияда) топан су туралы мәліметтер баршылық. Онда алдымен Жаратушының Ной (бізше Нұх) пайғамбарға кеме жасау керектігін,

алда 40 күн, 40 түн бойы жаңбыр жауып, топан су болатынын ескертуі әнгімеленеді. Одан әрі кемеге еркек-ұрғашысын қамтып, әр жануар, жан иесін жұп-жұбымен алу тапсырылады [3, 10]. Бұдан соң Нойдың 600 жасында топан су басталады да, кейін су қайта бастағанда, алдымен көрінген Арарат тауы басына кеме тоқтайды. Құран-Кәрімде де бұл апат сан рет қайталанып ескертілген:

1 Сондықтан Нұхты (ғ.с.) әрі онымен бірге кемеді болғандарды құтқарып, олардың орнын бастырдық (Ю-Юныс сүресі) [4, 217].

2 Ол кеме оларды (Нұх пен жолдастарын) таулардай толқында алып жүрді. (h-худ сүресі) [4, 226].

3 Кеме жуди тауында тоқтады. . (h-худ сүресі). [4, 226].

4 Сонда оған (Нұх пайғамбарға)... көздеуіміз де нұсқауымыз бойынша «кеме жаса» деп уахи еттік». (23-мүминүн сүресі) [4, 343].

«Дала уалаяты» газетінің 1888 жылғы санында топан су Ғайса туғаннан 3750 жыл, яғни жалпы 5638 жылдай бұрын болған деген дерек келтірілген [5, 77–80].

Құран туралы жазған М. Б. Пиотровский зерттеуінде топан су тартыла бастаған шақта су бетінде көрінген құрлықты анықтауға Нұх пайғамбардың алдымен қарғаны жібергені, қарғаның жер тапқанымен, сонда қалып бөгелгені, бұл міндетті орман кептері орындағаны, сол үшін марапат белгісі ретінде оның мойынында ақ жолақ пайда болғаны т.с. қамтылған [6, 51].

Ал, «Мәшһүр Жүсіптің ала қарғамен айтысы» өлеңінде қарға өзінің не себептен қарғысқа ұшырағанын түсіндіреді. Кемені тышқан тескенде, жылан бүке түсіп, жатып алып, сол тесіктен су жібермейді. Кейін сол үшін сыйақы талап етіп: «Кәнеки, еті тәтті мақұлық қайда?» – деп, өтініш жасайды. Нұх пайғамбар тапсырмасымен мұны айқындау үшін алдымен қарға жіберіледі. Қарға құрлық жерді алдымен тапса да, жемтікке тойып, тапсырманы ұмытады. Ол кешіккен соң, соңынан ұшқан қарлығаш қарғаның ең тәтті деп адам етін алғанын естіп, адамға жаны ашып, айтқызбас үшін қарға тілін шоқып алады. Пайғамбар алдына барғанда, қарға тілі кемсін болғандықтан да, не түйгенін айта алмай қалады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Сүлеймен пайғамбарға қатысты: «Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа» деген қара сөзбен жазылған әңгімесін және «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз» өлеңін қалдырғаны белгілі. Бұл шығармалар сюжетінің бастау көзін іздесек, «Құран Кәрімге» тірелеміз: «Сүлеймен (Ғ.С.) жыннан, адамдардан, құстардан әскерлері жиналады... Ол бұлармен ақыр құмырсқаның ойпатына келген сәтте бір құмырсқа: «Әй, құмырсқалар! Ұяларына кіріңдер! Сүлеймен оның әскерлері білмей жаншып кетпесін», – деді [4, 373]. М.,Б. Пиотровский еңбегінде осы фабула қайталанып, соңында Сүлейменнің мұны естіп, құс тілін білетіні үшін жаратушыға ризашылық білдіруі келтіріледі [6,143].

Мәшһүр-Жүсіпте құмырсқа сақтандыруын естіген соң, Сүлейменнің оны шақыртып алуы бейнеленеді. Құмырсқа: «Менімен тілдесіп, жауаптассаңыз, құлағымыздың қақ түбінен орын беріңіз. Әйтпесе, біріміз-көкте, біріміз- жерде, сөзіміз түгел бола ма?» – деп талап қояды. Сүлеймен ол талабын орындап: «Не үшін таптап кетпесін дедіңіз?» – деп сұрайды. Құмырсқа жауабы: «Оны айтқаным: «Аналар басып кетеді де, сендер жаншылып қаласың!» – дегенім емес. «Алма алмадан реңк алады. Ат есекпен бір ахырда тұрса, мінездес болады. Желге ұшып, жеңіл тартып жүргендерді тамаша қыламын деп, фікір, зікірден бос қалып, ғафыллардан болып құдай қасында тапталып, уатылып қаларсың!» – дегенім еді». Одан әрі құмырсқаның: «Сұрасам, құдайдың өзі неге бергенін айт: жұрттан бөлек не берді?» – деген сауалына Сүлеймен өзіне билеу үшін желді, билік үшін жүзікті бергенін айтады. Ал құмырсқа желдің де, жүзіктің де мақтаныш бола алмайтынын өзінше дәлелдейді. Одан әрі Сүлейменнің: «Құдай жаратуда қайсымызды жақсы жаратты?» – деген сауалына құмырсқа орнықты жауап береді: «Бұл турадан хабарым бар. Хамидүр шүкір жаратуында осы отырған сенен мені жақсы жаратты. Неге десең: өзге дүниеге қарағанда, басың кіші, миың аз: Ақылыңның аздығы – сол! Менің өзге дүниеге қарағанда, басым зор: миым көп, ақылымның артықтығы сонан! – дейді. – Сенің өзге дүниеге қарағанда, қарнын жуан: тойымдығың жоқ, қанағатың аз. Тойымы жоқ қанағатсызда қасиет бола ма?! – дейді. – Менің өзге дүниеге қарағанда, қарным жіңішке: қанағатым зор, дүниеге мұқтаждығым аз! – дейді. – Сенің өзге дүниеге қарағанда, аяқ тарпың шидей: өзіңнен қаралдысы зорды көтере алмайтұғының – сол. Менің өзге дүниеге қарағанда, бөксе тарпым жуан: сол үшін өз қаралдымнан үлкен нәрселерді көтере беремін. Ақылымды көп қылып, тамақ үшін уайымымды жоқ қылып, өзімнен зорды көтеретұғын күш беріп жаратты. Мұнан артық жаратылу бола ма?! – дейді. Әңгіме соңында құмырсқаның : «Жалғыз бидай жеті жыл жеуіме жарайды», – деуіне шүбә келтіріп, Сүлейменнің оны жеті жыл бір бидаймен қамағаны, құмырсқаның сол мерзімде жарты бидайды ғана жаратып, пайғамбардың қатесін бетіне басқаны баяндалады. Әңгіме былай тамамдалады «Хазірет Сүлеймен тоба қылып құмырсқадан қанша үгіт-насихат алып, өзінің білместігіне, оның білімділігіне қайыл болды. – Менен соңғы патша болғандар мұнан ғибрат алсын! Біреудің көзге көрінісі құмырсқадай болса да, тауып айтқан сөзіне құлақ салып тұра қалсын! – деп, кітапқа жаздырып, кейінгіге қисса қылып кетті». [7, 5]

Мәшһүр Жүсіптің «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз» өлеңі фабуласына ұқсас әңгіме «Дала уалаяты» газетінде екі рет орын алған екен. Газеттің 1889 жылғы санында әйелінің теріс ниетін құптап, тамам құстың сүйегінен сарай салғызбақ болып, оларды жинағанда, тек байғыз келмей қалғаны анықталады. Патша қаһарланып байғызды алдыртқанда, байғыз келмеу себебін түсіндіреді: «Дат, патша, мен тағы тағы да хисаб қылып едім:

«Дүниеде еркек көп пе, ұрғашы көп пе?» – деп, ұрғашының біреуі артық шықты». Патша мұның мәнісін сұрағанда, байғыз: «Дат, патша, мен хисабтағанда, ұрғашының тілін алып, қыл дегенін қылған еркекті ұрғашы деп санадым, сол үшін ұрғашының бірі артық болды», – дейді. Әңгіме былай бітеді: «Сонда тақ Сүлеймен ойланып отырып айтты дейді: «Сен рас айтасын, байғыз, мен сенің ойыңды білдім, мен қатыным тілін алып, жазасыз сіздердің сүйектерінен сарай салып беруге ойлап едім», – деп, патша қаршығаға бұйрық қылыпты: «Құстарды босатып қоя бер, һәм оларға айт, байғызға алғыс айтсын, құтқарғаны үшін», – депті [8, 117].

Бұл әңгіменің кеңейтілген нұсқасы «Дала уалаяты» газетінің 1889 жылғы санында жарияланады[9, 155]. Құран-кәрімнің 27-нәміл сүресінде Сүлеймен мен құмырсқа лебіздесуінен кейін Сүлеймен мен Бәбісек деген құс әңгімесі берілген: (Сүлеймен F.C.) Құстарды түгендейді де: «Бәбісекті неге көрмеймін немесе ол жоғалып кетті ме? – дейді...Сонда ол көп кешікпей-ақ келіп: «Сен білмеген нәрсені білдім. Сондай-ақ Сәба мемлекетінен анық хабар келтірдім», – деді. «Расында оларға патша болған бір қатын таптым. Оған әр түрлі нәрсе берілген әрі, оның үлкен тақты бар». (Шахыл қызы Былқыс қатын патша еді) «Оны да, елің де Алладан өзге күнге табынғанын көрдім. Шайтан оларға істеген істерін әдемі көрсетіп, жолдан тосқан. Сондықтан тура жол таба алмайтын көрінеді» [4, 378–379].

Міне, осында келтірілген Былқыс(Билкис) туралы дерек араб әдебиетінде жаман ниетті әйелі ретінде Сүлейменге байланыстырыла алынғанына зерттеуші Б. Я. Шидфар назар аудартады[10, 118]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз» елеңінде әйелінің теріс тілегін орындамаққа патша тамам құсты жинағанда, тек байғыз келмей қалады. Кейін оның келмеуі, бөгелуі себебі сұралғанда, Байғыз бен Сүлеймен лебіздесуі былай өрістейді:

- Еркекті ессіз қылып қара басып,
Зор болды ұрғашыға араласып.
Еркек пенен қатынды теңгергенде,
Бір қатын артық шықты саннан асып.

- Көз жұмбай дария кештім пенделіктен,
Көрмедім пайда жиған дүниеліктен.
Құдайым артық-кемсіз жұп жаратқан:
Болғаны қатын артық ол неліктен?

- Жалғанда аз күн теріп нәсіп жерміз,
Білмейміз бұ жүргенде не үшін жүрміз?

Кей адам қатын тілін алатұғын
Біз оны еркек демей, қатын дерміз.

- Қаралдың жұдырықтай, ақылың зор,
Қатын тілін алғанды қылдың ғой қор!
Айырдың қан төгетін көп кінәдан,
Байғызым, қанша дүние тұрғанша тұр!» [11, 5]

Мұның бәрі көне шығыс аңыздары мен Мәшһүр Жүсіп туындылары арасында үндестік, орайластық, тығыз байланыс жатқанын дәлелдей түседі.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жеке образ, жеке детальдарды әлем әдебиеті, оның ішінде Мәшһүр Жүсіпке дейінгі Шығыс әдебиеті, мәдениеті дамуымен сабақтыстықта алғанда ғана ол бейнелердің мәні, әлем мәдениетіндегі дәстүр сабақтастығы мәні, неғұрлым кең ашылып дәлелдене түсетіні анық.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Евсюков, В. В.** Мифы о вселенной. – Новосибирск, 1998
- 2 **Мектептегі, А.** «Ғарыш қонағының хаты, немесе көне түрік руникасының құпиясың атты монографияға этнолингвистикалық тарихи пайымдама. // «Ана тілі». – 1988, 7 мамыр
- 3 Библия. – М., 1990
- 4 Құран Кәрім. – Медине, 1991
- 5 Дала уалаяты газеті. Т. 4. – А. : Ғылым, 1992
- 6 **Пиотровский, М. Б.** Коранические сказания. – М. : Наука, 1991.
- 7 **Мәшһүр Жүсіп.** Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа. // Азия. №3. – Шілде, 1992
- 8 Дала уалаяты газеті. Т. 1. – А. : Ғылым, 1989
- 9 Дала уалаяты газеті. Т. 3. – А. : Ғылым, 1992
- 10 **Шидфар, Б. Я.** Генезис и вопросы стиля арабского народного романа (сыры). // Генезис романа в литературах Азии и Африки. – М. : Наука, 1980
- 11 **Мәшһүр Жүсіп.** Сүлеймен пайғамбар мен байғыз. // Азия. № 3. – шілде, 1992.

References

- 1 **Evsiukov, V. V.** Mify` o vselennoj [Myths about the universe]. – Novosibirsk, 1998
- 2 **Мектептегі, А.** ««Ғарыш қонағының хаты, немесе көне түрік рұникасының құпиясың атты монографияға этнолингвистикалық тарихи пайымдама»

[Ethnolinguistic historical perspective on the monograph «Letter from a space guest, or the secret of the ancient Turkish runic»]. – «Native language». – May 7, 1988

3 Biblına [The Bible]. – Moscow, 1990.

4 Quran Kárim [Quran]. – Medina, 1991

5 Dala ýalaıaty gazetı. T. 4. [Dala Yalaati newspaper. T 4]. – Almaty : Gylym, 1992

6 Piotrovsky, M. B. Koranicheskie skazaniya. [Koranic tales]. – Moscow : Nauka, 1991.

7 **Máshhúr Júsip**. Súleimen paıǵambar men qumyrsqa. [The Prophet Solomon and the Ant]. – Asia. № 3. – 1992. July

8 Dala ýalaıaty gazetı. T. 1. [Dala Yalaati newspaper. T. 1]. – Almaty : Gylym, 1989.

9 Dala ýalaıaty gazetı. T. 3. [Dala Yalaati newspaper. T. 3]. – Almaty: Gylym, 1992

10 **Shıdfar, B. Ya.** Genesis i voprosy stilia arabskogo narodnogo romana (sıry). In Genesis romana v literatýrah Azıı i Afriki. [Genesis and questions of the style of the Arab folk novel (Sira). // The Genesis of the novel in Asian and African literatures]. – Moscow : Nauka, 1980

11 **Máshhúr Júsip**. Súleimen paıǵambar men baıǵyz [The Prophet Solomon and baıguz]. – Asia. № 3. – July, 1992

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

Г. К. Жусупова¹, Е. К. Жусупов², З. Е. Қуандық³

Общность сюжета в восточной литературе и произведениях М. Ж. Коппева

¹Университет «Туран»,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан
^{2,3}Торайғыров университет»,
Республика Казахстан г. Павлодар
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Влияние восточной литературы на казахскую литературу огромно. Для нашей литературы, как и для арабской, персидской и тюркской духовности, он является широким каналом, который питал арабскую, персидскую и турецкую духовность. Очень глубокая связь между казахской и восточной литературой. В статье раскрывается преемственность богатого наследия восточной литературы в казахской литературе, в том числе в сюжете произведений поэта

Машхура Жусуна Копеева, то есть в фабуле. При поиске источников начала сюжета произведения, в первую очередь, рассматриваются наиболее распространенные легенды, общие для всего мира литературу. В исследовании затрагивается проблема сюжета восточных легенд в произведениях Машхура Жусуна Копеева.

Ключевые слова: сюжет, стихотворение, легенда, Коран, восточная литература, казахская литература

G. K. Zhussupova¹, Y. K. Zhussupov², Z. E. Kuandyk³

Commonality of plot in Eastern literature and works of M. Zh. Kopeev

¹Turan University,
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

^{2,3}Toraigyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 18.09.20

The influence of Eastern literature on Kazakh literature is huge. For our literature, as well as for Arab, Persian and Turkic spirituality, it is a broad channel that fed the Arab, Persian and Turkish spirituality. There is a very deep connection between Kazakh and Eastern literature. The article reveals the continuity of the rich heritage of Eastern literature in Kazakh literature, including the plot of the works of the poet Mashhur Zhusup Kopeyev, that is, in the plot. When searching for sources of the beginning of the plot of the work, first of all, the legends that are most common to the whole world of literature are considered. The study touches upon the problem of the plot of Eastern legends in the works of Mashhur Zhusup Kopeyev.

Keywords: plot, poem, legend, Koran, Eastern literature, Kazakh literature

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz